

Қоғам үшін ең маңыздысы – ел азаматтарының заманға сай жаңашылдыққа бейім, пайым-парасатты келісті ұрпақты тәрбиелеу. Өйткені бүгінгі ұрпақ ертеңгі елдің тұтқасын ұстайды. Баланың бойына кішкентайынан бастап рухани құндылықтарды, мейірімділікті, инабаттылықты, сұлулықты, жақсылықты, еркіндікті сіңіре білу керек.

Бүгінде «Дарын» жеке балабақшасы 2015 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Балабақша екі топтың бүлдіршіндеріне қызмет жасап, 50 бала тәрбиелеуде. Балалар құнарлы әрі пайдалы бес мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар балаларды тасымалдайтын жеке автакөлікте бар. Білім ұясында білікті мамандар қызмет етіп келеді. Балабақшамыз бірінші кезекте балаларға сапалы білім беруді алдынгы орынға қойған. Әдістемелік кабинеттегі жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі. Жалпыға білім беру стандартының талабы бойынша балабақшаның күн тәртібін құрудан бастап, оқу қызметін уақытылы жүргізіп, педагогикалық кеңестер уақытылы өткізіледі. Балабақша қабырғасында шығармашылық бағыт бойынша «Нұр» би ансамблі, «Қуыршақ» театры, сурет салу үйірмелері қолға алынған.

Түрлі деңгейдегі мемлекеттік мерекелерде балабақша ұжымы аудан әкімдігінің алғысына бөленіп жүр. 2017 жылы Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын өткізуде белсенді атсалысқаны үшін аудан әкімі Н.Шамұратовтың алғыс хатымен, 2017 жылы «Болашағымыз бірлікте» атты аудандық байқауда өнер көрсеткені үшін «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Мамбетжановтың алғыс хатымен, «Татулығы жарасқан отбасы» атты спорттық сайыста үздік өнер көрсеткені үшін «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ә.Қуанышевтың алғысына бөленді. 2018 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық «Нұрлы жастар» атты би байқауында «Нұр» би тобы «Самовар» биімен бас жүлде иеленіп алтынкубокпен марапатталды. 2018 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық «Нұрлы жастар» атты өнер байқауында қол өнер номенациясы бойынша бүлдіршініміз I орынмен марпатталды. 2018 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық «Нұрлы жастар» атты өнер байқауында ән номенациясы бойынша бүлдіршініз I орынмен марпатталды. Республикалық «Өрлеу» орталығының бүлдіршіндерге арналған байқауларынан бүлдіршіндеріміз I - II орындармен марапатталды. Халықаралық «Біз біргеміз» атты бүлдіршіндер арасында өткізілген «Анам менің өмірдегі тірегім» тақырыбында үздік нәтиже көрсеткені үшін тәрбиешіміз дипломмен марпатталды. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Дарын» Республикалық жас өнерпаздар байқауында ән номенациясы бойынша бүлдіршініміз I орынмен марапатталды. 2019 жылы Шымкент қаласында өткен Республикалық «Нұрлы жастар» атты өнер байқауында ән номенациясы бойынша бүлдіршініміз I орынмен марпатталды. 2019 жылы Шымкент қаласында өткен Республикалық «Нұрлы жастар» атты өнер байқауында ертегі қойылымы бойынша балабақша бүлдіршіндері «Шалқан» ертегісін сомдап Бас жүлдені жеңіп алды. 2019 жылы Шымкент қаласында өткен Республикалық «Нұрлы жастар» атты өнер байқауында би номенациясы бойынша

«Нұр» би тобы «Ара» биімен бас жүлдені жеңіп алды және кубокпен марапатталды. «Бала Дарын-2020» Республикалық байқауға қатысып I орын иеленді. Ұстаздарға арналған бәсекелестікте ашық сабақ номинациясы бойынша III орынмен марапатталды. 2021 жылы Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Әнші болғым келеді» атты балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілері арасындағы аудандық байқаудан II-орынмен марапатталды. 2021 жылы I-маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мектепке дейінгі білім беру тәрбиеленушілері арасында өткізілген «Біз шыныққан балдырған»асфальтте сурет салып I орынмен балабақша тәрбиеленушісі марапатталды. 2021 жылы Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 180-жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Кел балалар оқылық» атты байқауынан балабақша тәрбиеленушілері I орынмен марапатталды. 2022 жылы Қазалы ауданының әкімі М.Оразбаевтың Алғыс хатымен балабақша бүлдіршіндерінен құралған «Нұр» би тобы марапатталды. 2022 жылы елімізде Балалар жылы деп жариялануына орай ұйымдастырылған «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты мерекелік іс шараға өз өнерлерімен көзге түскені үшін балабақша бүлдіршіндері Алғыс хатпен марапатталды. 2022 жылы Халықаралық Пони байқауынан бүлдіршіндеріміз II – III дәрежелі дипломмен марапатталды. 2023 жылы Қазақстан Республикасының министрі Ғани Бейсембаевтың балабақша ұжымы Алғыс хатпен марапатталды. 2023 жылы Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында I маусым- Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілген «Ертегілер еліне саяхат» аудандық театр қойылымының аймақтық күніне орай өткізілген кезеңінде II орынмен балабақша бүлдіршіндері марапатталды.

Марапатқа тек лайықтылар ілінетіні сөзсіз. Бұл ретте балабақшаның мерейі үстем деуге болады. Ұжымдық ауызбіршілік, бірге еңбектену, ізеттілік, тәжірибе алмасушылық, білімділік педагогтың өмірлік қарулары. Озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшін білімді сәт сайын жетілдіріп отыру маңызды. Бұл жолда үздіксіз ізденіс пен білім керек. Бала бағбаны болу біз үшін үлкен мақтаныш.